

БЕКІТІЛДІ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ

Стратегиялық, халықаралық даму және
саяси комитетінің шешімімен

(03 03 2025 ж. № 3 хаттама)








«АССАМБЛЕЯ ЖАСТАРЫ» ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 06

ТАРАЗ, 2025

© Бұл М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.	 /қолы/	11.03.2025 ж.
	Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрмайлов А.Е.	 /қолы/	11.03.2025 ж.
	«Ассамблея жастары» жастар ұйымының жетекшісі Шырынбек Ғ.	 /қолы/	11.03.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Жастармен жұмыс бөлімімен		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Алғаш рет		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 5, « 28 » 03 2025 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /қолы/	14.03.2025 ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /қолы/	14.03.2025 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /қолы/	13.03.2025 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.	 /қолы/	12.03.2025 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /қолы/	12.03.2025 ж.

Бұл стандарт «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Негізгі терминдер,қысқартылған сөздер және белгілер.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
7	Құқықтары.....	5
8	Ассамблея жастарының бағыттары.....	6
9	Ассамблея жастарының құрылымы.....	6
10	Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....	7
11.	Қосымшалар.....	8
	А қосымшасы Танысу парағы.....	8
	Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	9

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университет студенттерінің бірлік пен келісім қызметін реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының жастар ұйымын қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Жарғы	«М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы
-------	--

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулари университеті	«М.Х.Дулари атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
УСТ	Университеттің стандарттық талаптары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжат Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. «Ассамблея жастары» жастар ұйымы Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар арасындағы бірлік пен келісім құндылықтарын насихаттау, құқықтық мәдениетті дамыту және этносаралық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында құрылған.

5.2. Ұйым қызметі университет студенттері арасында толеранттылықты қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтауға бағытталған.

5.3. Ереже ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін және университет әкімшілігінің ұйымды қолдау мүмкіндіктерін анықтайды.

5.4. Қазақстан халқы студенттік Ассамблеясы (бұдан әрі – студенттік Ассамблея) Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – Ассамблея) және «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – «Ассамблея жастары» РҚБ) жоғары оқу орындарындағы өкілдігі болып табылады.

5.5. Студенттік Ассамблея өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын, Қазақстан Республикасының заңдарын, «Ассамблея жастары» РҚБ құрылтай құжаттарын, Ассамблея шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5.6. Студенттік Ассамблеяның құрамы Ассамблея мүшелері, «Ассамблея жастары» РҚБ, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін 16 жастан 29 жасқа дейінгі топтағы адамдар қатарынан қалыпталады

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Студенттік Ассамблея мынадай функцияларды орындайды:

- студент жастарды бірлік пен келісім құндылықтары төңірегінде біріктіру үшін алаң құру;
- Ассамблея қызметіне белсенді жастарды тарту, жалпыұлттық құндылықтарды дамыту, мемлекеттік тілді үйрену;
- Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған жастардың идеялары мен бастамаларын, әлеуметтік маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды қолдау;
- қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- жергілікті жерлерде волонтерлік пен этномедиацияны дамытуға жәрдемдесу;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

6.2. «Ассамблея жастары» ұйымының мақсаты – студенттер арасында этносаралық келісімді сақтау және нығайту, мәдени әртүрлілікті қолдау, құқықтық мәдениетті дамыту және жастардың құқықтарын қорғау. Ұйымның негізгі міндеттері мыналарды қамтиды:

- Университетте толеранттылық пен этносаралық келісім мәдениетін насихаттау;
- Студенттер арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған семинарлар, тренингтер және кездесулер өткізу;
- Қазақстан халқының дәстүрлері мен мәдениетін танытуға арналған мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;
- Этностар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және әлеуметтік әділеттілікке қолдау көрсету;
- Этносаралық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған зерттеулер мен талдау жұмыстарын жүргізу.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 «Ассамблея жастары» жастар ұйымы құқылы:

- Этносаралық келісім мен құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қызметті жүзеге асыруға;
- Студенттерге құқықтық кеңес беру және этносаралық қарым-қатынас мәселелері бойынша ақпараттық қызмет көрсетуге;
- Ұйымның қызметін насихаттау үшін БАҚ пен әлеуметтік желілерді пайдалануға;
- Университет деңгейінде, сондай-ақ аймақтық және ұлттық деңгейде мәдени және құқықтық жобаларды жүзеге асыруға;
- Этностар арасындағы бірлік пен келісімді нығайту үшін серіктес ұйымдармен байланыс орнатуға;
- Демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде қаражат пен материалдық қолдау тартуға;
- Этносаралық мәселелерді талқылауға арналған ғылыми конференциялар мен форумдарға қатысуға.

8. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Құқықтық ағартушылық – студенттер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, этностардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат тарату және заңнамалық жаңалықтарды түсіндіру.

Этномәдени ағартушылық – Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін насихаттайтын іс-шаралар, көрмелер және фестивальдер ұйымдастыру.

Әлеуметтік әділеттілік – әлеуметтік осал топтарға құқықтық және материалдық көмек көрсету, этносаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру.

Профилактикалық жұмыс – этносаралық қақтығыстардың алдын алу мақсатында тренингтер, семинарлар және ақпараттық кездесулер өткізу.

Кәсіби тәжірибе – студенттерге этносаралық келісім мен құқық қорғау саласында тәжірибелік білім беру мақсатында құқық қорғау органдарымен және Ассамблеяның басқа бөлімшелерімен бірлескен іс-шаралар өткізу.

Мәдени-ағартушылық – этностардың мәдени мұрасын сақтау және насихаттау үшін шығармашылық конкурстар, ұлттық өнер фестивальдері және басқа мәдени іс-шаралар ұйымдастыру.

9. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1. Жастар ұйымының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің жастар ұйымының қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің жастар ұйымының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің жастар ұйымының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік еріктілер отрядтары болып табылады.

Жастар ұйымы:

- Лидер

- Лидер орынбасары
- Хатшы
- Әр бағыттың жетекшілері

Жастар ұйымы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, жастармен жұмыс бөлімінің құрамындағы өзге де жастар ұйымдарымен және студенттік деканаттармен, «Жамбыл облыстық жастар ресурстық орталығы КММ», «Тараз жастар ресурстық орталығы КММ» бірлесе жұмыс атқарады.

11.Қосымшалар

А қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(міндетті)

[illegible]

Б ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]